

# ВОЗНЕСЕНОВКА ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕБІ

## Әлеуметтік педагогтың атқарған жұмысы

### «Вознесенка жалпы орта білім беретін» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің әлеуметтік педагогтің 2022-2023 оқу жылына өзіндік талдауы

Оқу жылының басында ҚР Оқу-ағарту Министрінің 27.08.2022 №382 бұйрығына сәйкес әлеуметтік педагогтің жылдық жоспары құрылды. Жылдық жоспарға сәйкес әлеуметтік педагогикалық бойынша 6 бағыт бойынша ұйымдастырылды:

1. Сыныптарға, мектепке әлеуметтік паспорттауды жүргізу.
2. Балалық шақтың құқығын қорғау жұмысы.
3. Әртүрлі есепте тұрған оқушылармен жеке профилактикалық жұмыс.
4. Педагогикалық ұжыммен және сыртқы ұйымдармен (кәмелетке толмағандардың ісі жөніндегі бөлім, кәмелетке толмағандардың ісі жөніндегі, қамқоршылық және қорғаншылық және т.б.) өзара іс-қимыл жүргізу жұмысы.
5. Білім алушылардың отбасылармен профилактикалық жұмыс.
6. Диагностикалау талдау қызметі.

2022-2023 оқу жылындағы алдыма қойған негізгі өзекті мәселе: мектеп оқушыларымен, ата-аналармен әлеуметтік педагогикалық жұмыстар жүргізу және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды, аз қамтамасыз етілген отбасы балаларын, толық емес отбасы, көпбалалы отбасы балаларын анықтап, әлеуметтік қолдау жұмыстарын жүргізу. Сонымен қатар тәртібінде ауытқушылығы бар және қиын, құқықбұзуға бейім балалармен әлеуметтік психологиялық және құқықтық жұмыстарды ұйымдастыру, отбасы мен мектеп арасындағы ынтымақтастықты нығайту. Менің негізгі жұмыс істеу бағытым жетім, ата-аналардың қамқорлығынсыз қалған балалар, аз қамтылған, көп балалы отбасымен жұмыс. Отбасы мүшелерінің қызығушылығы мен қажеттілігін деңгейін, олардың өзара қарым-қатынасын зерделеу, жанұяның қиындық тудыратын, туындап қалу мүмкіндігін анықтау, әлеуметтік психологиялық жағдайларды болжау және болдырмаудың алдын алу шараларын ұйымдастыру, ерекше қамқорлықты қажет ететін балаларға және қамқорлықты қорғаншылықтағы, өгей әке, өгей анасы бар отбасыларда тәрбиеленетін, ерекше білімді қажет ететін оқушыларға ерекше көңіл бөліп, үнемі назарда ұстау. Осы мақсаттарды жүзеге асыру үшін жоспарға сай жұмыс істеп келемін.

Қыркүйек айының басында сынып жетекшілермен бірлесе отырып, сыныптардағы жетім, қамқорлықтағы, өгей әке, өгей анамен тұратын балаларды, аз қамтылған және көп балалы отбасылардың шыққан оқушылар анықталды.

Мектепте барлығы 1-11 сыныптар аралығында 84 оқушы бар, оның 36-і қыз, 30 оқушы көп балалы отбасы, 30 оқушы аз қамтылған, 16 оқушы толық емес отбасы, 14 оқушы анасымен тұрады, 1 оқушы қамқорлыққа алынған, 5 оқушы өгей әкесі бар отбасы балаларын құрайды.

| №  | Атаулар                                        | Оқушылар саны | Отбасылар саны |
|----|------------------------------------------------|---------------|----------------|
| 1  | Оқушылар саны                                  | 84            | 68             |
| 2  | Толық отбасы балалары                          | 68            | 58             |
| 3  | Толық емес отбасы балалары                     | 16            | 10             |
| 4  | Аз қамтылған отбасы балалары                   | 26            | 14             |
| 5  | Атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасы балалары | 0             | 0              |
| 6  | Көп балалы отбасы балалары                     | 30            | 19             |
| 7  | Өгей адам бар отбасы                           | 5             | 4              |
| 8  | Мүгедектігі бар балалар                        | 0             | 0              |
| 9  | Ерекше білімді қажет ететін балалар            | 1             | 1              |
| 10 | Мектепшілік бақылауда тұрғанда балалар         | 0             | 0              |



Жыл сайын дәстүрге айналған жалпы республикалық қайырымдылық «Мектепке жол» акциясы басталды. Акцияның мақсаты - аз қамтылған және көп балалы отбасылар, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар ішінен оқушыларға жана оқу жылында дайындық кезінде қолдау көрсету, балалардың әлеуметтік себептер бойынша мектепке бармауының алдын алу. Ұйымдастыру комитетінің құрамы құрылып, «Мектепке жол» акциясының іс-шаралар жоспары бекітілді. Рейдтік шаралар, үйлерді аралау жұмыстары жүргізілді. Мақсаты - балалардың мектепке дайындауға көмек көрсетуді қажет ететін, оқумен қамтылмай қалған оқушылардың бар-жоғын анықтап, оқуға тарту, түнгі мезгілде мектеп оқушыларының көшеде, көңіл көтеретін орындарда жалғыз жүрмеуін қалағалау анықтау болды. Мектеп әкімшілік барысында, жеке кәсіпкерлер, Вознесенка ЖОББМ ұжымы, «Аққұдық» әкімдік ауылдық округі ұжымы, «Аққұдық» ауылдық дәрігерлік амбулатория ұжымы, «Жайсан» шекара бөлімшесінің ұжымы, Ақтөбе қаласының «Добро» еріктілер қозғалысы және Вознесенка ЖОББМ түлегі Гудзюк Виталий Анатольевич өздерінің қамқорлықтарын аз қамтылған отбасыларға көрсетті.

Жалпыға бірдей міндетті білім қорынан бөлінген қаржыға тегін ыстық тамақ ішетін оқушылардың тізімі №64 қаулы басшылыққа алынып жасалды. Тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етілетін оқушылардың өтініштері мен қажетті құжаттары жинақталып, тізім бекітілді. Оқушылар жеңілдетілген тегін ыстық тамақпен қамтылды. Сонымен қатар осы 26 оқушыға жалпыға бірдей міндетті білім қорынан ақшалай материалдық түрінде әлеуметтік көмек көрсетілді.

Қараша айының 08-20 аралығында халықаралық балалар қорғау күніне арналған, балалардың құқықтарын қорғау комитетінің хатына сәйкес «Қатыгездіксіз және зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» атты республикалық ақпараттық науқаны ұйымдастырылды. Акция мақсаты - балаларды қатыгездікпен және немқұрайдылықпен қарау проблемасына қоғамның назарын аудару және қоғамда болып, жасына, даму деңгейіне, әлеуметтік мәртебесіне қарамастан әр адамның өмірі мен әл-ауқаты жоғары болатын сенімдерді қалыптастыру, білім беру ұйымдарында балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, оқушылар арасында және оларға қарсы құқық бұзушылықтың алдын алу және оқу орындарында қауіпсіздік шараларын жетілдіру болды. Одан әрі жүйелі түрде құрылған жұмыстар негізінде құқықбұзушылық пен қылмыстың алдын алу бойынша 5-11 класс оқушылары арасында «Біз зорлық-зомбылыққа қарсымыз» тақырыбында әңгімелесулер топтық негізінде өткізілді және зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша ПБ мүдделі қызметкерлерінің өкілдерімен кездесу өткізілді. Кездесу барысында оқушыларға ҚР қылмыстық кодексіне енгізілген өзгерістер мен жаңартулар оқушыларға таныстырылып, өте, оқушылар өз тарапынан мазалап жүрген сұрақтарына жауап алды.

### III. Қорытындылар мен нәтижелер

Әлеуметтік педагог жұмысының нәтижесінде:

- Ата-аналардың мектеп өміріне қатысуы артты.
- Психологиялық бейімделу көрсеткіштері жақсарды.

### IV. Қиындықтар мен оларды шешу жолдары

Қиындықтар:

- Ата-аналардың ынтымақтастыққа қызығушылығы төмен.

### V. 2023–2024 оқу жылына арналған міндеттер

- Әлеуметтік осал топтармен жұмысты жалғастыру.
- Қиын мінез-құлықты оқушылармен жеке жұмыс.
- Ата-аналардың психологиялық сауаттылығын арттыру.
- Ерте анықтау және алдын алу жүйесін жетілдіру.
- Оқушыларда жағымды мінез-құлық пен өзара сыйластықты дамыту.

Әлеуметтік педагог

*Харчева*

Харчева О. А.